

2. Мақсаттар мен түйінді міндеттер

Почта-жинақ жүйесі жаңа үлгідегі экономиканы құру мен елді ақпараттандырудың өмірлік маңызды және ақиқатты түрде қажетті шарты болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың бағдарламасына сәйкес Қоғамды дамыту стратегиясы почталық, қаржылық және агенттік қызметтердің кең ауқымын ұсынатын почта-жинақ жүйесін құру болып табылады.

Қоғамды дамытудың 2002 жылға арналған мақсаттары:
почта байланысының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;
почталық, банкілік қызметтер рыногында олардың ауқымын кеңейту және қызмет сапасын жақсарту жолымен Қоғамның үлесін арттыру;

Қоғамның тиімді қызметі үшін ұтымды материалдық-техникалық база жасау, қаржылық ақпаратты сенімді басқару жүйесін және қауіпсіздігінің жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін технологиялық жарақтандыру деңгейін көтеру.

Түйінді міндеттері:

- 1) Қазақстанның почта желісін одан әрі компьютерлендіру және ақпараттандыру;
- 2) почта жөнелтімдерін өңдеу және бақылау сапасын жақсарту үшін қазіргі заманғы технологияларды енгізу;
- 3) ықтимал рыноктарды зерделеу және Қоғам қызметінің перспективалық бағыттарын айқындау жөніндегі жұмысты жандандыру арқылы қызмет түрлерін кеңейту және жаңа өнімдерді дамыту;
- 4) нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, Қоғамның жаңа қызмет түрлерін ұсыну жөніндегі қызметін реттейтін әдістемелік базаны қалыптастыру;
- 5) көлік бағыттарын оңтайландыру және почта қауіпсіздігі жүйесін жетілдіру;
- 6) Қоғамның маркетингілік стратегиясын қалыптастыру және дамыту;
- 7) Қоғамның персоналын оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі көп деңгейлі бағдарламаны жүзеге асыру.

3. Қоғамның дамуының қазіргі жай-күйі

Қазіргі уақытта Қоғам почталық қызмет рыногындағы өзінің тұғырын сақтау қажеттілігін, сондай-ақ почта-жинақ жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарып отыр. Қоғамның почталық, қаржылық және агенттік қызметтер рыногындағы басты артықшылығы Қазақстан Республикасының аумағын, әсіресе, аудандар мен ауылдық жерлер деңгейінде толық қамтуға мүмкіндік беретін тармақталған филиалдар желісі болып табылады.

Почталық қызметтер рыногындағы көш бастаушылық жағдайына қарамастан,

Қоғам тарифтер бойынша да, аумақтық қамту бойынша да қол жеткізімділігін ескере отырып, почта қызметтерін жоғары сапалы деңгейде ұсынуды мақсат тұтып отыр. Екінші жағынан, жаңа, сапасы анағұрлым жоғары және дәстүрлі емес қызмет түрлерінің шеңберін кеңейту почта қызметін коммерцияландырудың негізін қалайды.

Курьерлік қызмет саласында Қоғамға "DHL" ЖАҚ, "UPS" ЖАҚ, "Pony Express" ЖШС, "Direkt Delivery" ЖШС, "Милицер и Мюнх" ЖШС ("Federal Express" компаниясының өкілі), "РТД" ЖШС ("TNT" компаниясының өкілі) сияқты белгілі курьерлік компаниялар бәсекелестік орта құрып отыр. Солай бола тұрса да, Қоғам EMS Kazpost жедел почтасының тиімділігін арттыру үшін тиісті шаралар қолдануда. "DHL" компаниясымен Қоғамның осы компанияға қатысты сырттан кірген жөнелтімдерді Қазақстан бойынша таратуға және республикадан шығатын EMS-жөнелтімдерді дүние жүзі бойынша компанияның өкілдіктері желісімен жеткізу жөнінде келісім жасалды.

Бұдан басқа, 2001 жылдан бастап Алматы почта тасымалдау бөлімшесінің базасында жедел жөнелтімдерді ұдайы бақылау және қадағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жүйенің пилоттық жобасы жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында почта-қаржылық қызметі қалалар мен ауылдық жерлерде енгізуге мүмкіндік беретін неғұрлым кең тармақталған филиалдар желісіне ие болып отыр. Дегенмен де, банк қызметтері рыногында Қазақстанның коммерциялық банктері тарамнан қатаң бәсекелестік сезінуде, ал олардың халық депозитке орналастыратын жинақтары бойынша сыйақылар саласындағы артықшылықтары үстем екені айқын, себебі Қоғамның бұл бағыттағы қызметі мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырумен ғана шектелген.

Банк қызметтеріне қарағанда почта-қаржылық қызметтер, табыс деңгейі мен тұрғын аймағына қарамастан, халықтың көптеген жіктері үшін қол жеткізімді. Қоғам қазірдің өзінде мемлекеттің халыққа зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақы төлеу, жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерін қолма-қол ақшамен қабылдау, бюджеттік ұйымдар мен экономиканың көлік-коммуникациялар секторындағы кәсіпорындарға жалақы төлеу жөніндегі сенімді агенті болып отыр.

2001 жылы почта бөлімшелерінде "Қазақтелеком" ААҚ және бірқатар бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне жалақы төлеу жұмысы жүргізіле басталды. Облыстық филиалдар коммуналдық қызмет пен электр энергиясын жеткізушілермен шарт жасау жөнінде жұмысты жалғастыруда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің салық және бюджетке төленетін басқа төлемдерін қолма-қол ақшамен қабылдау жөнінде Агенттік келісімге қол қойылды, почта желісі арқылы салық жинау жөнінде 13 облыста тендер ұтып алынды.

Қолайлы деңгейдегі қаржылық қызметті толыққанды ұсыну үшін қазір "Аманат-почта" бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілуде, ол келіп түскен ақпаратты орталықтандырылған өңдеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ "Банктің операциялық күні"

міндетін шешу үшін Пост бағдарламалы интерфейсі бар. Ақпаратты жинау мен өңдеуді екі деңгейлі схемада ұйымдастыру есептік деректер жасауды жеделдету мен деректердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қоғам қызметінің басым бағыттарының бірі капиталдандыру деңгейін арттыру және почта саласын одан әрі дамыту, негізгі қорларды жаңғырту мен қайта жаңарту үшін қажетті қаражат тарту болып табылады. Борышкерлік міндеттемелер рыногы бұл мақсат үшін дәл осы кезеңде тартымды болып тұр. Қаражатты жеке инвесторлар арасында корпоративтік облигациялар орналастыру арқылы тарту қажеттілігі, сырттан қарыз тартудан басқа, халықаралық стандартқа сай қызмет сапасын қамтамасыз ету үшін почта байланысын жаңғыртуға аса мұқтаждықтан туындап отыр.

4. Өндірістік бағдарлама

Почталық қызметтер рыногындағы көп жылдық жұмыс тәжірибесін негізге ала отырып және өзінің институциональдық даму үрдісін, клиенттердің қажеттілігін, қаржылық, агенттік қызметтер рыногының мүмкіндіктерін ескере келе, Қоғам 2002 жылы мынадай өндірістік бағдарламаны іске асыруды жоспарлайды.

4.1. Почталық қызметтер мен өнімдер

2002 жылы Қоғам жазбаша хат-хабарлар көлемінің төмендеуін еңсеруді, сондай-ақ 2000-2001 жылдары белең алған сәлемдемелер мен мерзімдік басылымдар бойынша почтамен алмасудың өсу үрдісін сақтауды болжап отыр.

Дүниежүзілік почта одағының XII Конгресі қабылдаған почта стратегиясын іске асыру мақсатында көпшілік қолды почта қызметін ұсыну жағдайын почталық жөнелтімдерді өңдеу, жөнелту және жеткізу мерзімін қысқарту, почта байланысы қызметіне қол жеткізуді жеңілдету және икемді тариф саясатын қолдану есебінен жақсарту жөнінде бірқатар іс-шаралар жоспарланып отыр. 2002 жылдың ішінде Почта қызметтерінің сапасын арттыру бағдарламасын әзірлеу, сондай-ақ қолданылып жүрген почта ережелерін жетілдіру жоспарланып отыр.

Филателияны дамытып, алға жылжытуға және қазақстандық маркаларды шетел рыноктарында насихаттауға айрықша көңіл бөлінетін болады.

Почта байланысы магистральдық желісі жұмыс істеуінің жоғары шығындары проблемасын шешудің бір бағыты почта жөнелтімдерін жеткізу жүйесін темір жол, авиация мен автомобиль көлігін оңтайлы үйлестіру арқылы құру болмақ.

Көрсетілетін қызмет көлемін арттыру және почта өнімдері рыногын кеңейту, маркетингтік рыноктық мүмкіндіктерге ие қызметтер ассортиментін кеңейту жөніндегі жұмысты одан әрі жандандыру арқылы мүмкін болады. 2002 жылы басым бағыттары ретінде халықаралық және ішкі жеделдетілген почтаға (EMS-Kazpost), соның ішінде " Алматы-Астана" бағыты бойынша хат-хабарларды 24 сағат ішінде жеткізу, аралас

почта, электрондық почта, директ-мейл, директ-маркетинг сияқты қызмет түрлерін дамытуға айрықша көңіл бөлу жоспарлануда.

Республика бойынша EMS-жөнелтімдерді қадағалау жүйесін жасау және іске қосу көзделуде, келіп түсетін халықаралық жедел жөнелтімдерді жеткізу туралы "Милицер и Мюнх" ЖШС-пен ("Federal Express" курьерлік компаниясының Қазақстандағы өкілетті өкілі) және "UPS"-пен келісімдерге қол қою, жеке зейнетақылық шоттардан көшірмелерді, шот-хабарламаларды және жарнамалық материалдарды жеткізу жөнінде корпоративтік клиенттермен шарттар жасасу жоспарлануда.

4.2. Қаржылық қызметтер

Қоғам 2002 жылы почта-жинақ жүйесін дамыту, операциялардың көлемдері мен табыстылығын арттыру жөніндегі жұмыстарды одан әрі жалғастыратын болады.

Почта-жинақ жүйесі банк секторының қызметіне балама ретінде, толық сақталуына кепілдік бере отырып, елдің шалғай аймақтарында тұратын халықтың көптеген жіктеріне барынша қол жеткізетіндей жолмен қаржылық қызмет көрсету арқылы халықтың жинақтарын тарту тәсілін ұсынады. "Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорны тартатын жеке адамдардың қаражатын орналастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 794 қаулысына сәйкес Қоғам жеке тұлғалардың депозит ретінде тартылған қаражатын мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы және қайталама рыноктарында ғана орналастырады. 2002 жылы Қоғам тәуекел дәрежесі төмен, тұрақты кірісті қамтамасыз ететін корпоративтік бағалы қағаздармен жұмыс істеуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алуды жоспарлап отыр.

Почта саласының әлеуметтік функцияларын іске асыру ауылдық жерлердегі тұрғындарға зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақтылы жеткізу, сондай-ақ бюджеттік мекемелер мен көлік-коммуникациялар кешенінің кәсіпорындары қызметкерлерінің жалақыларын төлеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Бұл бағытта мүдделі министрліктердің қолдауымен Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықпен республиканың ауылдық аудандардағы тұрғындарына зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар төлеуге байланысты Қоғам шығыстарын республикалық бюджеттен өтей отырып, зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу туралы тікелей келісім жасалды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк заңнамасында көзделген операцияларды теңгемен және шетел валютасында жүргізуге арналған 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 14 лицензиясының негізінде депозиттік өнімдердің жаңа түрлерін енгізу, пластикалық карточкаларға қызмет көрсету бойынша желі құру, есеп айырысу-кассалық қызмет бойынша клиенттік базаны кеңейту, коммуналдық және бюджеттік төлемдерді қабылдау жөніндегі операциялар көлемін арттыру, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті жабдықтармен және көлікпен

жарақтандыру арқылы ақшалар мен құндылықтарды тасымалдау және инкассациялау жөніндегі қызмет сапасын арттыру жоспарлануда.

4.3. Агенттік қызметтер және бөлшек сауда

Агенттік қызметтер ассортиментін кеңейту - корпоративтік клиенттер шеңберін кеңейту жөніндегі жұмысты жандандыруды, маркетингтік зерттеулер жүргізуді және технологиялық процестерді жетілдіруді көздейді.

Б ұ л б а ғ ы т т а :

зейнетақылық шарттар жасасу және салымшыларға жеке зейнетақылық шоттардың көшірмелерін жеткізу жөнінде зейнетақы жинақтаушы қорлармен;

сақтандырудың түрлері бойынша шарт жасасу жөнінде сақтандыру компанияларымен;

шот-хабарламаларды жеткізуге ұтқыр байланыс ұйымдарымен және коммерциялық банктермен әріптестік қатынастарды сақтау және одан әрі нығайту, сондай-ақ жаңа корпоративтік клиенттерді іздестіру және тарту жоспарлануда.

Мерзімдік басылымдарды және филателия өнімдерін сату нүктелерінің желісін кеңейту, ұсынылатын тауарлар ассортиментін жақсарту арқылы бөлшек сауданы дамытуға және Қоғамның тауар айналымын арттыруға қол жеткізілетін болады.

Почта операторлары мен табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына өзгерістер енгізу кезінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағалы қағаздар рыногындағы трансфер-агенттердің қызметін реттейтін ережелерді әзірлеуі шартымен, қор рыногында трансфер-агенттік қызметтерді дамыту көзделіп отыр.

5. Почта қауіпсіздігі

Қазақстан почтасының беделі, көбінесе почта сервисінің сапасы мен қауіпсіздігіне тәуелді. Қоғамның почта қауіпсіздігі қызметі күзет қызметін, почта жөнелтімдерін іздестіру іс-шараларын және жоғалған жөнелтімдер бойынша тергеу іс-шараларын жетілдіру мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

2002 жылы мынадай іс-шаралар почта және ақпарат қауіпсіздігі жүйесін дамытудың перспективалық бағыттары болады:

1) келіп түсетін почтаның сақталу деңгейі мен сапасын арттыру мақсатында шетелдік почта әкімшіліктерінің почта қауіпсіздігі қызметтерімен байланыс орнату. Дүниежүзілік почта одағының ұсынымы бойынша, ТМД және Балтық жағалауы елдері аумағында, Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық шеңберінде почта қауіпсіздігінің аймақтық желісін құру туралы мәселе қаралуда. Почта қауіпсіздігі бөлімшелері тұлғасында почта қызметтері үшін көрсетілетін қызмет сапасын, почта байланысы жүйесінің сенімділігі мен тұтастығын арттырудың нақты құралына ие

болады. Осыған байланысты Қазақстан почтасының өкілі ТМД және Балтық елдерінің почта байланысы мүдделерін қорғау жөніндегі негізгі бағыттарды әзірлейтін Почта қауіпсіздігі бойынша іс-әрекет тобының құрамына енді;

2) "Қазпочта" ААҚ құрылымдық бөлімшелерінде почталық құндылықтардың сақталуын, халықаралық почта алмасудың толықтығын, почта жөнелтімдеріне тарифтердің дұрыс қолданылуын және жөнелтімдердің ұрлануын болдырмауды қамтамасыз ету бөлігінде тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

3) почта жөнелтімдерінің және ақша сомаларының жоғалу және ұрлану фактілері бойынша тексеру жүргізу, тексеру материалдарын тергеу органдарына беру;

4) бөлімшелердің почта қауіпсіздігі құралдарымен техникалық жабдықталуын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру, почта байланысы объектілері мен мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

6. Ақпараттық технологиялар

Ғылыми-техникалық ілгерілеу және күннен күнге артып келе жатқан бәсекелестік орта ақпараттандыру және ақпарат беру мен өңдеу жұмыстарында, қаржы және тауар ағындарын басқаруда қазіргі заманғы технологиялық жетістіктер негізінде почта байланысын автоматтандыруға алғышарт жасауда.

2002-2003 жылдар ішінде Қоғам ақпарат пен қаржы ағындарын басқарудың қазіргі заманғы жүйесін енгізу арқылы Қазақстан почта желісін ақпараттандыруды, электрондық, аралас почта мен ақпараттық-анықтама қызметтерін қоса алғанда, қазіргі заманғы телекоммуникациялық қызметтер мен өнімдер әзірлеуді және енгізуді аяқтауды жоспарлайды.

Почта байланысын ақпараттандыру, деректер берудің сенімділігі және жылдамдығы жоғары және қорғалған жүйесін ұйымдастыруға, жаңа қызмет түрлерін игеруге, почта жөнелтімдерінің жүріп өтуін бақылауды арттыруға, басқарушылық шешімдер қабылдаудың және оларды іске асырудың жаңа қағидаттарына көшуге бағытталады.

Осыған байланысты Қоғам таяу болашақта почта желісін одан әрі ақпараттық және техникалық тұрғыдан жаңғыртуға, сапалы және тұтастырылған қызмет көрсетуге күш-жігерін бағыттауды жоспарлап отыр.

Осы мақсатпен Қоғамның орталық аппараты мен құрылымдық бөлімшелері, аймақтар арасында ақпарат берудің, жинаудың және өңдеудің екі деңгейлі схемасы түріндегі ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды кезең-кезеңімен құру жүріп жатыр, мұның өзі басты кеңседе бірыңғай ақпараттық база жасауға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жүйесі арқылы төлемдерді жүзеге асыруға және басқа банк түсімдерін қабылдауға, мәліметтерді жедел қалыптастыруға және ең қысқа мерзімде ішкі қаржылық және статистикалық есептер жасауға мүмкіндік

б е р е д і .

Барлық аудандық және облыстық филиалдарда "Аманат-почта" бағдарламалық кешені орнатылған, оның негізінде Қоғам бөлімшелері депозиттерге қызмет көрсетуді, салықтар мен коммуналдық төлемдерді қабылдауды және мерзімдік басылымдарға ж а з ы л у д ы жү з е г е а с ы р а д ы .

2002 жылы Қоғамның орталық аппараты мен облыстық филиалдарын біріктіретін біртұтас корпоративтік желі құру жөніндегі жұмысты аяқтау көзделеді. Бұл жобаның мақсаты - халықаралық сөйлесулер мен ақпараттар беру шығындарын азайту үшін жылдамдығы жоғары арна және екі дауысты арналар орнату болып табылады. Жыл бойы "Операциялық күн" бағдарламасы жетілдіріліп, статистикалық және бухгалтерлік есептер үшін бағдарламалық өнімдер жетілдірілетін болады.

2002 жылы байланыс бөлімшелерін компьютерлендіру және жұмыс орындарын автоматтандырумен қатар, талдау жұмыстарын жүзеге асыру үшін сапалы, сенімді статистикалық және қаржылық деректерді жедел түрде алуды қамтамасыз ететін корпоративтік ақпарат жүйесін құруға кірісу көзделуде, мұның өзі түпкі нәтижесінде, Қоғамның басқарушылық шешімді уақтылы қабылдауына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған іс-шаралар Қоғам құрылымын оңтайландыруға, персоналдың жұмыс уақытын анағұрлым тиімді пайдалануға жәрдемдесуі тиіс.

7. Тариф саясаты

Баға белгілеудің оңтайлы стратегиясын құру Қоғамның аса маңызды міндеті болып табылады, өйткені тарифтер баға белгілеу құралы ретінде кәсіпорынның ағымдағы шығындарын жабу және пайда түсіру үшін өндірісті дамыту және технологиялық процестерді жаңғырту көзі ретінде табыс құрау негізі болып табылады.

Почта саласы үшін тарифтік саясатты қалыптастыру ерекшелігі халықтың әлеуметтік маңызды қызметтерге қол жеткізуін және клиенттердің ұсынылатын қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін арттыруға жәрдемдесуді қ а м т а м а с ы з е т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бағалардың қол жетімділігіне жету бағытындағы басты көзқарас ретінде почта қызметтерінің операциялық орташа шығындарын анықтау, ал сосын осы шығындарға негізделген почта қызметтерінің бағасын белгілеу болып табылады. Сонымен бір мезгілде, әлеуметтік-маңызды қызметтер бойынша Қоғам халық үшін қол жетімділік с а я с а т ы н ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 15 наурыздағы N 57-ОД бұйрығының шығуы тарифтік саясатты оңтайландыру бағытында маңызды қадам болды, онымен 2002 жылғы 1 сәуірден бастап республика ішінде почта байланысы қызметтеріне арналған жаңа тарифтер қолданысқа енгізілді.

Агенттіктің бұйрығына сәйкес почта байланысы қызметтеріне арналған тарифтер мынадай тұғырлар бойынша көбейтілді:

жай хатты жіберу тарифі 15%-ға және 23 теңгені құрады;

жай бандерольді жіберу тарифі 66%-ға және 25 теңгені құрады;

тапсырыстық және құнды бандерольді жіберу тарифі 50%-ға және 30 теңгені құрады;

әрбір қосымша толық және толық емес 50 гр жай, тапсырыстық, құнды бандерольдерді жіберу тарифі 66%-ға және 5 теңгені құрады;

сәлемдемені жер бетіндегі және әуе көлігімен жіберу тарифі бүкіл тарифтік белдеулер бойынша 30%-ға өсті.

Қоғам рентабельді емес қызмет түрлерін рентабельділер есебінен тоғыстыра қаржыландырудан алшақтауға тырысады. Алайда, зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне жалақы және басқа да төлемдерді төлеу, бюджетке төлемдерді қабылдау жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, қаржылық қызметтер саласындағы сыйақы ставкалары, олардың көп бөлігі ауылдық жерлерде қызметтерді ұсыну есебінен қалыптасатынын ескерсек, нақты шығын деңгейіне сәйкес келмейді. Сонымен бір мезгілде, Қоғам жоғарыда аталған әлеуметтік-маңызды қызметтерді ұсынудан бас тарта алмайды, осыған байланысты таяу болашақта комиссиялық сыйақы ставкаларын нақты шығын деңгейіне дейін көтеру арқылы қолданылып жүрген тарифтерді сәйкестікке келтіру қажет.

Қызметтердің басқа түрлері бойынша тарифтік саясат өндірісті дамыту және көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілетін арттыру үшін ресурстық базаны арттыруға бағытталады.

8. Қызметтің қаржылық нәтижесін болжау

Почта саласын дамытудың қалыптасқан үрдісі мен өндірістің жоспарланған көлемін басшылыққа ала отырып, 2002 жылы Қоғам мынадай негізгі экономикалық көрсеткіштерге (1-кесте) қол жеткізуді жоспарлап отыр:

жиынтық кіріс - 3830,1 млн. теңге, бұл 2001 жылғы деңгейден 7,6 % жоғары, оның ішінде:

негізгі қызметтен кіріс - 3689,5 млн. теңге, бұл 2001 жылдың нақты деңгейінен 11,6 % жоғары;

негізгі емес қызметтен кіріс - 140,6 млн. теңге, бұл 2001 жылдың нақты деңгейінен 44,9 % төмен (Қоғамның есеп саясатындағы өзгерістерге байланысты).

Жиынтық шығыстар - 3703,4 млн. теңге (45,8 млн.теңге сомасындағы табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанда), оның ішінде:

өнімнің негізгі түрлерінің өзіндік құны - 2287,5 млн. теңге, бұл 2001 жылдың нақты деңгейінен 12,1 % жоғары, оның ішінде:

материалдар - 201,0 млн. теңге;
өндірістік қызметкерлер жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу - 1209,3 млн. теңге;
үстеме шығыстар - 393,2 млн. теңге;
басқа шығыстар - 258,5 млн. теңге.

Кезең шығыстары - 1332,4 млн. теңге, бұл 2001 жылдың нақты деңгейінен 1,9 % жоғары.

Негізгі емес қызметке байланысты шығыстар - 37,8 млн. теңге, бұл 2001 жылдың нақты деңгейінен 49,4 % төмен.

Табыс салығы бойынша шығыстары - 45,8 млн. теңге, бұл 2001 жылдың нақты деңгейінен 71,1 % жоғары.

Қоғамның таза табысы 2001 жылмен салыстырғанда 14,4 % ұлғайып, 126,6 млн. теңгені құрайды.

Қызметкерлердің нақты (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын) саны 2001 жылмен салыстырғанда 7,3 % артады және 12057 адамды құрайды, орташа айлық жалақы мөлшері 12675 теңгені құрайды, бұл 2001 жылдың деңгейінен 22,6 % жоғары.

9. Бюджетпен өзара қатынастары. Дивиденд саясаты

Қоғам әр түрлі салық төлемдері мен алымдарды төлеуші болып табылады. Мысалы, 2002 жылы жалпы мемлекеттік және жергілікті салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді шамамен 552,4 млн. теңге төлеу жоспарлануда, оның ішінде:

заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы - 45,8 млн. теңге;
әлеуметтік салық - 362,6 млн. теңге;
басқа да салық төлемдері - 144,0 млн. теңге.

Қоғамның 2001 жылғы кредиторлық берешегі 2818,7 млн. теңгені құрады және 2000 жылмен салыстырғанда 9 % жоғарылады. 2002 жылы болжамдық деректер бойынша ол 2922,1 млн. теңгені құрайды немесе 2001 жылғы деңгейден 3,7 % жоғары.

1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шығын сомасы 289,5 млн. теңгені құрады, ол Қоғамның 2000 және 2001 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі бойынша 149,6 млн. теңге төмендеді және 2001 жылдың қорытындылары бойынша 139,9 млн. теңгені құрады.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Жарғылық капиталдың шамасы 1169 млн. теңгені құрады. 2002 жылы 643,1 млн. теңгеге акциялардың келесі эмиссиясын шығару жоспарлануда, содан кейін жарғылық капиталдың мөлшері 1812,1 млн. теңгені құрайды.

Өткен жылдардың шығындарын жапқаннан кейін "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қоғамның жарияланған жарғылық капиталының 15 % мөлшерінде, яғни 271,8 млн. теңгеге тең сомада резервтік капитал құру қажет.

Осыған орай, Қоғам 2002 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді төлеуді жоспарламай отыр, өйткені 2002 жылы Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде түскен таза табыстың барлық сомасы өткен жылдардың шығындарын жабу үшін резервтік капиталды құруға жұмсалатын болады (1-Кесте).

10. Инвестициялық бағдарлама

2002 жылы негізгі мақсаты - сервистің жоғары сапасын, ақпараттық қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету мен почталық, қаржылық және агенттік қызметтердің жаңа түрлерін ұйымдастыру үшін Қазақстанның почта байланысын ақпараттық және техникалық жағынан жаңғырту болып табылатын, Қазақстан Республикасының почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру бағдарламасын іске асыруды жалғастыру болжанып отыр. Аталған бағдарламаны іске асыру почта саласын қазақстандықтардың әл-ауқатын және тұтас алғанда, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыратын нақты құрал ретінде тиімді почта-жинақ жүйесіне одан әрі реформалауды жалғастыруға да мүмкіндік береді.

Таяу болашақта Қоғам DialAway IP(Gilat) технологиясы бойынша корпоративтік ақпарат желісі негізінде құрылған, Интернет-қызметтер, электронды почта, электронды жеделхат және басқалар сияқты жаңа қызметтерді енгізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, осы желі бірыңғай корпоративтік ақпарат желісі (КАЖ) үшін көлік ортасы да болып т а б ы л а д ы .

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға республикалық бюджеттен жалпы сомасы 643,1 млн. теңге қаражат бөлді, оның 141,2 млн. теңгесі телекоммуникациялар саласындағы почта жүйесін жаңғыртуға жұмсалады. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту есебіне акциялардың қосымша эмиссиясын шығарудан түсетін қалған қаражат мынадай мақсаттарға жұмсалады:

57,4 млн. теңге сомасына техникалық қауіпсіздік және өрт сөндіру кешенді жүйелерін с а т ы п а л у ;

194,8 млн. теңгеден астам сомасына касса, айырбастау пункттері мен инкассаторлық қызмет үшін құрал-жабдықтар сатып алу;

249,7 млн. теңге сомасына ғимараттарды, почта вагондарын күрделі жөндеу, касса тораптарын күрделі жөндеуді жүзеге асыру.

Байланыс бөлімшелерін компьютерлендіру, жұмыс орындарын автоматтандырумен қатар талдау жұмысын жүзеге асыру үшін сапалы, шынайы статистикалық және қаржылық деректерді жедел алуды қамтамасыз ететін корпоративтік ақпарат желісін құру Қоғамға, тұтас алғанда, басқарушылық шешімдерді дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, жоғарыда аталған іс-шаралар Қоғамның құрылымын

онтайландыруға, қызметкерлердің жұмыс уақытын анағұрлым тиімді пайдалануына
ж ә р д е м д е с у і т и і с .

Почта саласын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру бағдарламасын одан әрі қаржыландыру үшін 2002 жылы кезең-кезеңімен инвестициялар тарту болжанып отыр. Осы мақсатта жабдықтарды сатып алуға және ғимараттарды күрделі жөндеуге арналған "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ-тың 4 млн. АҚШ доллары сомасындағы қолданыстағы кредит желісі шеңберінде ресурстарды игеру
ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Сатып алынатын жабдық Қоғамның барлық көрсетілетін қызмет түрлерін ұсынуы жөніндегі бірыңғай технологиялық кешен шеңберінде пайдаланылатын болады.

Бұдан басқа, 2002 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен 9 млн. АҚШ доллары сомасында сыртқы қарыз тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарлануда. Осы мақсатта Қоғам:

шынайы басқарушылық ақпаратты уақтылы беруді қамтамасыз ететін ақпаратты басқарудың қазіргі заманғы жүйесін енгізуді;

бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына толық көшуді;

ұйымдық құрылымды қайта құрылымдауды және персоналды дамытуды;

клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес жаңа қызмет түрлері мен өнімдерді уақтылы енгізуді көздейтін қазақстандық почтаны институционалдық дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеу үшін 230 мың АҚШ доллары сомасына техникалық көмек грантын тартуы қажет.

11. Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру

Почта-жинақ жүйесінің табысты жұмыс істеуі және дамуы, сондай-ақ рынокқа жаңа қызмет түрлерін тиімді енгізу үшін Қоғам ішкі және сыртқы оң келбетін
қ а л ы п т а с т ы р у ғ а м ұ қ т а ж .

Осы мақсатта Қоғам жүйе элементтері мен оларды қоршаған орта арасында өзара байланыс орнату үшін бірыңғай салалық стильді енгізу және PR-құралдары мен оларды технологияларды іске қосу жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Жүйенің жұмыс істеуіне ықпал ету тұтқасы ретінде оның қазіргі жай-күйін бағалауға және жетілдіру жоспарын тұрақты негізде анықтауға мүмкіндік беретін, компанияның корпоративтік жоспарлауды дамыту жөніндегі қызметін жандандыру
к ө з д е л і п о т ы р .

Әр түрлі деңгейдегі менеджерлердің шешімдер жоспарлау мен қабылдауға, іске асырылатын бағыттардың перспективалық екендігін түсіндіруге тиімді қатысуына түрткі болу қолданылып отырған корпоративтік іс-әрекеттер туралы уақтылы ақпарат берілуін қамтамасыз етеді және компанияның ішіндегі өзара қатынастарды ретке
к е л т і р е д і .

2002 жылы жарнама науқанын өткізуге, Қоғамның web-сайтын дамытуға аса көңіл бөлінеді.

Қоғамның келбетін жақсарту үшін компанияның коммерциялық байланыс орнату және өзара тиімді ынтымақтастық нысандарын дамыту үшін көрмелерге және халықаралық форумдарға қатысу жөніндегі қызметін жандандыру жоспарлануда.

Қоғам 2002 жылы халықтың әлеуметтік қорғалмаған бөлігін демеушілік қолдау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырады.

12. Еңбек ресурстарын дамыту

12.1. Персоналды дамытудың басым бағыттары

Қоғам персоналдың кәсіби даму мәселелерін оның қызметін жақсартатын аса маңызды факторлардың бірі ретінде қарайды.

Кадр саясатының негізгі қағидаттары:

почта байланысы желісінің барлық деңгейін басқару жүйесінің кешенді және тұтастық сипатын қамтамасыз ету;

аса тиімді уәжді еңбекке, шығармашылық қайтарымдылыққа және жаңалық енгізуге қабілетті персоналды қалыптастыру.

Кадр жұмысының тиімділігін арттыру, олардың кәсіби шеберлікке жетіп, почталық және қаржылық қызмет рыногындағы бәсекелестік қабілетін қолдау мақсатында персоналмен жұмыс жүйесін, ұйымдық құрылым мен штаттық лауазым жүйесін жетілдіруге бағытталған жұмыс жалғастырылады. Почта персоналдың кәсіби дамуы мен олардың сапалық сипаттамасын жақсартудың негізгі құралдары қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау және біліктілігін көтеру болып табылды.

2002 жылы еңбек ресурстарын дамытуда менеджменттің тиімділігін көтеру, басқару мен жоспарлаудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу, басқарушы қызметкерлердің кәсіби сапасын дамыту айрықша орын алмақ. Менеджердің адамдармен қарым-қатынас жасауы, талдаушылық қабілеті, ұйымдастырушылық күш-жігері мен жұмысқа шығармашылық көзқарасы сияқты қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінетін болады. Еңбек ресурстарын дамыту орта буындағы басшылармен қатар өндірістік персонал үшін де семинарлар, тренингтер, курстар ұйымдастырып, өткізуді көздейді.

Бұдан басқа, почта-жинақ қызметін сатушылардың назарын клиенттердің қажеттілігін қанағаттандыруға, әлеуметтік-этикалық маркетинг қағидаттарын және әлемдік почта әкімшіліктерінің озық тәжірибелерін енгізуге бағыттауға едәуір күш жұмсалмақ.

12.2. Қоғам персоналын оқытудың үдемелі бағдарламаларының салалары

1. Қоғам жүйесіндегі ақпараттық технологиялар:
қазіргі заманғы телекоммуникациялық жабдықтарды енгізу;

"Аманат-почта" бағдарламалық өнімін пайдалану практикасы; желілік әкімшілер үшін компьютер желісі, қазіргі заманғы телекоммуникациялық ақпараттық жүйелердің аппараттық-бағдарламалық құралдары.

2. Менеджментті дамыту:

өзгерістерді басқару және корпорация ішіндегі өзара қарым-қатынасты құру; басқару психологиясы(ұжымдағы өзара қатынастар, тартыстарды басқару);

персоналдың дамуын басқару;

PR практикасы, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау.

3. Қызметтер:

дәстүрлі емес почта өнімдерін ендіру;

жаңа қызметтер мен өнімдерді әзірлеу және енгізу;

маркетингілік қызметті және корпоративтік клиенттермен өзара қатынастарды жетілдіру;

сервис сапасын арттыру.

4. Бухгалтерлік есеп, экономикалық талдау және жоспарлау:

бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары;

салық салу және салық есебі;

бюджет процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістерін енгізу.

13. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар

Қоғам өзінің даму процесінде почта байланысы қызметін жүзеге асыру нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсерін жұмсарту жөнінде біртұтас іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды көздеуде.

Осындай іс-шаралардың қатарына жабдықтардың, соның ішінде көлік құралдарының технологиялық паркін жаңартуды, сүзгілер мен катализаторлар орнатуды, отынның басқа түрлеріне көшуді жатқызуға болады. Қазіргі заманғы почта жабдықтарының және көлік құралдарының соңғы модельдерінің жоспарлы сатып алынуы анағұрлым жоғары экологиялық стандарттардың талаптарын қанағаттандырады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда экологиялық қауіпсіз технологиялар пайдалануды енгізу және қоршаған ортаға жанама әсер етпейтін технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады.

14. Қорытынды

Осы Даму жоспарында Қоғамның 2002 жылға арналған саясаты тұжырымдалып, қаржылық мақсаттары мен белгіленген міндеттерді іске асыру үшін қажетті ресурстар айқындалды.

2002 жылдың нәтижесі бойынша почталық, қаржылық, агенттік қызметтер

рыноктарында Қоғамның тұғыры нығайып, почта байланысын одан әрі ақпараттандыру және автоматтандыру, қазақстандық почтаның институционалдық және инвестициялық мүмкіндіктерінің дамуы күтіледі.

Қоғамды дамытудағы басты бағыт одан әрі де Қазақстанның почта-жинақ жүйесін қалыптастыру мен дамытуға, сервис сапасын жақсартуға, нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге, Қоғамның корпоративтік мәдениетін дамытуға және Қоғамның "келбеттік" кеңістігін кеңейтуге бағытталған, белгіленген міндеттерді іске асыру болмақ.

1-кесте (1 НК нысаны)
**"Қазпочта" ААҚ-ты дамытудың 2002 жылға арналған
 Ж О С П А Р Ы**

т о қ с а н	Өлшем бірлігі	есеп баға	2001 ж.	2002 ж.	оның ішінде
Өндірілген қызметтер) көлемі	өнім	(жұмыстар,	Б а р л ы ғ ы :		
1 .	оның	ішінде	т ү р л е р і		
б о й ы н ш а :			с а н ы		
жазбаша хат-хабар	млн. дана		14,4	14,5	3,9
ақша аударымдары	млн. дана		0,7	0,75	0,16
зейнетақылар мен жәрдем.	млн. дана		17,1	17,4	4,30
	а қ ы л а р д ы		т ө л е у		
жолдама заттар	млн. дана		1,3	1,3	0,3
мерзімді басылымдар	млн. дана	81,9	82,5	21,0	
2. Экспорттың барлығы:					млн. доллар
оның ішінде ТМД елдері					"
алыс шетел өнім түрлері бойынша:					"
зат түрінде саны					"
3. Импорттың барлығы:					млн. доллар
соның ішінде ТМД елдері					"
алыс шетел өнім түрлері бойынша:					"
зат түрінде саны					"

4.	Барлық қаржыландыру көздері				
	есебінен негізгі капиталға				
	инвестициялар - барлығы:	млн.	теңге	558,4	890,8
	оның ішінде мемлекеттік				
	бюджет қаражаты		"		643,1
	сыртқы қарыз есебінен		"	558,4	247,7
	өз қаражаты есебінен		"		
5.	Кіріс - барлығы:	млн.	теңге	3561,0	3830,1
	Негізгі қызметінен кіріс,	"		3305,6	3689,5
			б а р л ы ғ ы		
	Негізгі емес қызметінен	"		255,4	140,6
	кіріс,				32,2
6.	Шығыстар - барлығы	3423,6	3657,6	874,7	
	Өнімнің (жұмыстар,				
	қызметтер) негізгі	"		2041,4	2287,5
	түрлерінің өзіндік құны				
	- барлығы:				
	оның ішінде:				
	материалдар	"		211,8	201,0
	қызметкерлердің	"		971,9	1209,3
	(өнд. персонал)				
	еңбекақысын төлеу				
	қызметкерлердің (өнд.	"		192,0	225,5
	персонал)				49,6
	өндіріс ақаулары				"
	үстеме шығыстар	"		415,3	393,2
	басқа да шығыстар	"		250,4	258,5
	Кезең шығыстары:	"		1307,5	1332,4
	Негізгі емес қызметке	"		74,7	37,8
	байланысты шығыстар				
7.	Салық салынатын табыс	137,4	172,5	22,2	
8.	Табыс салығы бойынша			26,77	45,80
	шығыстар				5,9
9.	Таза табыс (шығын)	"	110,6	126,6	16,3
10.	Акциялардың мемлекеттік				"
	пакетіне дивидендтер				

11. Персоналдың нақты саны	адам	11238	12057	11186
(орташа үшін)	жалақы		есептеу	
12. Жалақы қоры	мың.теңге	1447700,0	1835400,0	409400,0
13. Орташа айлық жалақы	теңге	10342,0	12675,0	12200,0
14. Өнім бірлігіне арналған	(жұмыстар, қызметтер) бір үшін			бірлік теңге
	тарифтер	(бағалар)		
почта карточкасын жіберу	"	15,0	15,0	15,0
салмағы 20 г дейін жай хатты жіберу	"	20,0	23,0	20,0
салмағы 20 г дейін тапсырысты хатты жіберу	"	35,0	35,0	35,0
салмағы 20 г дейін бағалы хатты жіберу	"	45,0	45,0	45,0
салмағы 50 г дейін бағалы бандерольді жіберу	"	15,0	25,0	15,0
салмағы 50 г дейін тапсырысты бандерольді жіберу	"	20,0	30,0	20,0
салмағы 50 г дейін бағалы бандерольді жіберу	"	20,0	30,0	20,0
жолдама заттарды жіберу (әрбір емес ақша аударымдары сомасынан % ҚР бойынша (100 мың теңгеге одан ТМД және алыс шетелге	"	6-28,75 және 500 г	8-36 толық үшін)	8-36 аударым
	"	3-5 және 3-5	3-5 және 3-5	3-5
	"	10-15	10-15	10-15

15.	Өткен жылмен салыстырғанда тарифтердің (бағалардың)	ө з г е р у і	бір бірлік үшін теңге
	почта карточкасын жіберу салмағы 20 г дейін жай	"	15,0
	х а т т ы	ж і б е р у	
	салмағы 20 г дейін	"	
	тапсырысты	хатты жіберу	
	салмағы 20 г дейін бағалы	"	
	х а т т ы	ж і б е р у	
	салмағы 50 г дейін жай	"	66,7
	б а н д е р о л ь д і	ж і б е р у	
	салмағы 50 г дейін	"	50,0
	тапсырысты	бандерольді	
	салмағы 50 г дейін бағалы	ж і б е р у	50,0
	б а н д е р о л ь д і	ж і б е р у	
	жолдама заттарды жіберу	"	25,2
	(әрбір толық және толық емес 500 г үшін) ақша аударымдары		
	ҚР бойынша (100 мың теңгеге	"	
	дейін және одан жоғары)		
	ТМД және алыс шетелге	"	
16.	Кредиторлық берешек	мың теңге	2818712 2922095,1 2670902
17.	Ұзақ мерзімді дебиторлық	мың теңге	3448 4020 3510
		б е р е ш е к	

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

		оның ішінде			2002 ж.
					2001 ж.
		2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	сал-нды %
Өндірілген қызметтер)	өнім	(жұмыстар, көлемі			
1.		Б а р л ы ғ ы :			
	оның	ішінде	түрлері		
	б о й ы н ш а :				

жазбаша хат-хабар	3,4	3,3	3,9	100,7%	акша аударымдары	0,17		
	0,21	0,21	107,1%					
зейнетақылар мен жәрдем. ақыларды төлеу			4,32		4,38	4,40	101,8%	
жолдама заттар	0,3	0,3	0,4	100,0%				
мерзімді басылымдар	20,0	20,0	21,5	100,7%				
2.	Экспорттың оның өнімі			барлығы: ТМД елдері шетел бойынша:				
	ішінде алыс түрлері							
зат түрінде								
3.	Импорттың соның өнімі			барлығы: ТМД елдері шетел бойынша:				
	ішінде алыс түрлері							
зат түрінде								
4.	Барлық есебінен инвестициялар - барлығы:		қаржыландыру негізгі		көздері капиталға			
	890,8		159,5%					
	оның сыртқы қарыз есебінен		ішінде бюджет есебінен		мемлекеттік қаражаты		643,1	
өз қаражаты есебінен	247,7							
5. Кіріс - барлығы:			964,3		961,5		1007,4	107,6%
Негізгі қызметінен кіріс,			930,0		924,5		970,3	111,6%
					барлығы			
Негізгі емес қызметінен кіріс,			34,3		37,0		37,1	55,1%
6. Шығыстар - барлығы			934,8		925,8		922,3	106,8%
	Өнімнің қызметтері түрлерінің			(жұмыстар, негізгі өзіндік құны				
- барлығы:			586,9		584,2		582,2	112,1%
			оның		ішінде:			
материалдар			49,0		51,0		52,0	94,9%
қызметкерлердің			320,5		320,5		302,3	124,4%
			(өнд.		персонал)			
еңбекақысын төлеу								
қызметкерлердің (өнд.			59,8		59,8		56,3	117,4%

	персонал)		еңбекақысынан		
	өндіріс		аударымдар ақулары		
үстеме шығыстар		92,4	89,9	107,5	94,7%
басқа да шығыстар		65,2	63,0	64,1	103,2%
Кезең шығыстары:		338,7	332,3	330,8	101,9%
Негізгі емес қызметке байланысты шығыстар		9,3	9,3	9,2	50,6%
7. Салық салынатын табыс	29,5	35,7	85,1	125,5%	
8. Табыс салығы бойынша шығыстар		7,8	9,5	22,6	171,1%
9. Таза табыс (шығын)	21,6	26,2	62,5	117,4%	
10. Акциялардың пакетіне дивидендтер					мемлекеттік
11. Персоналдың нақты саны (орташа үшін)		12485	12320	12237	107,3%
		(орташа	жалақы	есептеу	
12. Жалақы қоры	475300,0	475300,0	475400,0	126,8%	
13. Орташа айлық жалақы	12690,0	12860,0	12950,0	122,6%	
14. Өнім бірлігіне арналған тарифтер (бағалар)					
почта карточкасын жіберу салмағы 20 г дейін жай		15,0	15,0	15,0	100,0%
		23,0	23,0	23,0	115,0%
		х а т т ы		ж і б е р у	
салмағы 20 г дейін		35,0	35,0	35,0	100,0%
		та п с ы р ы с т ы		х а т т ы	
салмағы 20 г дейін бағалы		45,0	45,0	45,0	100,0%
		х а т т ы		ж і б е р у	
салмағы 50 г дейін бағалы		25,0	25,0	25,0	166,7%
		б а н д е р о л ь д і		ж і б е р у	
салмағы 50 г дейін		30,0	30,0	30,0	150,0%
		та п с ы р ы с т ы		б а н д е р о л ь д і	
		ж і б е р у		ж і б е р у	
салмағы 50 г дейін бағалы		30,0	30,0	30,0	150,0%
		б а н д е р о л ь д і		ж і б е р у	
жолдама заттарды жіберу		8-36	8-36	8-36	125,2%
		(әрбір толық және толық емес 500 г үшін)			

	ақша аударымдары сомасынан %				аударым
ҚР бойынша (100 мың		3-5	3-5	3-5	100,0%
	теңгеге	одан	дейін	және	
					(жоғары)
ТМД және алыс шетелге	10-15	10-15	10-15	100,0%	
15. Өткен жылмен					салыстырғанда
тарифтердің					(бағалардың)
өзгеруі		почта			карточкасын
жіберу					
	салмағы	20	г	дейін	жай
		хатты			жіберу
		салмағы	20	г	дейін
тапсырысты хатты жіберу					
	салмағы	20	г	дейін	бағалы
хатты жіберу					
	салмағы	50	г	дейін	жай
бандерольді жіберу					
	салмағы	50	г	дейін	
	тапсырысты				бандерольді
жіберу					
	салмағы	50	г	дейін	бағалы
		бандерольді			жіберу
		жолдама	заттарды		жіберу
	(әрбір	толық	және	толық	
	емес	500	г	үшін)	
ақша аударымдары					
	ҚР бойынша (100 мың				
	теңгеге	дейін		және	
	одан жоғары)				
	ТМД және алыс шетелге				
16. Кредиторлық берешек	2 872 142	2 856 662	2 922 095	103,7%	
17. Ұзақ мерзімді дебиторлық	3 680	3 840	4 020	116,6%	
					берешек

**Барлық қаржыландыру көздері есебінен негізгі капиталға
(күрделі салым)**

инвестициялар

Кәсіпорынның атауы: "Қазпочта" ААҚ

мың теңге

2 0 0 2 ж ы л ғ а

о н ы ң і ш і н д е

2 0 0 2 ж . 1 - 2 - 3 - 4 -
тоқсан тоқсан тоқсан тоқсан

Барлығы:	890803	890803		
1. Акциялардың сатып алудан түскен қаражат	қосымша 643123	эмиссиясын 643123		
2. Жергілікті	бюджет		қаражаты	
3. "Қазпочта" ААҚ өз қаражаты				
4. Мемлекеттік кәсіпорындарының өз қаражаты	емес		сектор	
5. Шетел инвесторларының оның ішінде:	инвесторларының		қаражаты,	
	Үкімет	кепілдік	бермеген	
	кредиттер мен қарыздар			
	Үкімет кепілдік берген қарыздар			
6. Резидент банктердің кредиттері	247680	247680		
7. Басқа ұйымдардың қарыз қаражаты				
8. Халық қаражаты				
9. Лизинг (жылдық жарна сомасы).				
1 0 . Б а с қ а л а р				

3-кесте

Инвестициялық және институционалдық бағдарламалар

Кәсіпорынның атауы: "Қазпочта" ААҚ

Жобаның атауы: ҚР почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру

2002 жылға

м ы ң т е ң г е

Көрсеткіштердің атауы

2002 ж. Оның ішінде тоқсандар бойынша

1 - 2 - 3 - 4 -
тоқсан тоқсан тоқсан тоқсан

1. Жобаның жалпы құны оның ішінде:	935695	890803	44892
қаржыландыру көздері бойынша:			
1.1. акциялардың қосымша эмиссиясын	643123		643123
сатып алудан түскен қаражат			
1.2. Жергілікті бюджет			
1.3. ҚР Үкіметі кепілдік беретін			
қарыздар мен кредиттер			
1.4. ҚР Үкіметі кепілдік бермейтін			
кредиттер мен қарыздар			
1.5. Гранттар	35604		35604
2. Мемлекеттік кәсіпорындар мен	9288		9288
ұйымдардың өз қаражаты			
3. Мемлекеттік емес сектор			
кәсіпорындары мен ұйымдарының			
өз қаражаты			
4. Резидент банктердің кредиттері	247680		247680
5 . Б а с қ а л а р			
5.1. Облигациялардың эмиссиясы			